

**"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 586 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың үшінші бөлігіндегі "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 8-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацында:

"Кеңесіне" деген сөз "Сотына" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кеңестің" деген сөз "Сотың" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 112-бапта:

тақырып "Бұқаралық ақпарат құралдары" деген сөздерден кейін "мен онлайн-платформалар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Ақпараттық, талдау бағдарламаларында үгіт материалдарын тарату – лауазымды адамдарға – отыз, заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің бірінші абзацы "Бұқаралық ақпарат құралдарының" деген сөздерден кейін ", онлайн-платформалар пайдаланушыларының" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы "іс-шаралар" деген сөзден кейін ", сайлау алдындағы үгіт іс-шаралар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 113-баптың бірінші абзацында:

"және электрондық" деген сөздер алып тасталсын;

", олардың басылған жері, таралымы" деген сөздер "(баспа материалдары, олардың басылған жері және таралымы бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 653-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"653-бап. Конституциялық Сотты немесе сотты құрметтемеушілік";

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Конституциялық Сот отырысына қатысушылардың қатысуынсыз өтінішті одан әрі қарау мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың хабарлау хабардар немесе шақыру бойынша Конституциялық Сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінетін Конституциялық Сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ Конституциялық Сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) –

ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.";

6) 722-1-бапта:

тақырыптағы және бірінші бөліктегі "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 741-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 804-баптың бірінші бөлігінде:

47) тармақшадағы "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

68) тармақшадағы "адамдарының" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "құқығы бар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 69) тармақшамен толықтырылсын:

"69) Конституциялық Соттың Төрағасы уәкілеттік берген Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты аппаратының (653-бап (1-1 және 2-1-бөліктер) лауазымды адамдарының құқығы бар.":

9) 852-баптың екінші бөлігінің 5) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 858-баптың 4) тармақшасындағы "Кеңесінің" деген сөз "Сотының" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 872-бапта:

тақырыптағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағаның орынбасарына немесе судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші және екінші бөліктегі "Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасын, Төрағаның орынбасарын немесе судьясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 874-1 бапта:

бірінші бөліктегі "Бас Прокурорының" деген сөздер "Парламенті Сенатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Мемлекеттік органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Парламент Сенатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 875-бапта:

тақырыптағы "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағаның орынбасарына немесе судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшелеріне" деген сөздер "Конституциялық Сотының Төрағасына, Төрағаның орынбасарына немесе судьясына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1), 2), 6) тармақшаларын, 8) тармақшасының екінші абзацын, 9), 10), 11) және 13) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*